

Мемлекеттік қызметшілердің әдебі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы заңнамада өзгерістерді талқылау

2015 жылғы 26 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде «Нұр Отан» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының, сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламасын қолдау бойынша комитеттің, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша МҚЖСЖҚА өкілдерінің қатысуымен «Дөңгелек үстел» өткізілді.



Мемлекеттік қызметшілердің әдебі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы заңнамада өзгерістерді талқылау, осылай «Дөңгелек үстел» тақырыбы аталды.

Заңнамадағы өзгерістер жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қоғамда сыбайлас жемқорлықты жоюға, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар саласында заңнаманы жетілдіру жолымен, мемлекеттік аппаратта және өзге салаларда сыбайлас жемқорлық көріністерінен шығатын, қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жолданды.

«100 нақты қадам» ұлттық жоспармен белгіленген, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бойынша 12-қадамды іске асыру аясында, мемлекеттік қызметшінің этика кодексінің жобасы әзірленді.

Мемлекеттік қызметшінің жүріс-түріс негізгі стандарттарын белгілеу және оны жүйелі түрде бақылау мемлекеттік қызметте өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыруға, мемлекетке халықтың сенімін арттыруға, сондай-ақ қызметтік әдеп пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзушылықтың алдын-алуға себепші болады.

Департаменттің басшысы Д.Е.Жанәлінов сөз сөйледі.

МҚЖСЖҚА СҚО бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет және тәртіптік-әкімшілік практика бөлімінің басшысы Д.К.Тайшабайдың этика кодексінің жобасында мемлекеттік қызметшілердің моральді-әдепті бейнесіне талаптар және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР

Заңнамасының новеллалары туралы баяндамасы тыңдалды. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар туралы МҚЖСЖҚА СҚО бойынша департаментінің мемлекеттік қызметті өту бөлімінің басшысы Е.Ф.Степаненко айтты. Өзінің баяндамасында кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру туралы өзінің баяндамасында Елена Степаненко атап өтті, мемлекеттік қызметтің жаға қағидаларын енгізу туралы, жаңғырту бойынша Ұлттық комиссиямен ертерек мақұлданған, Ұлттық жоспармен көзделген, заңда тәсілдерді бекітуді толық тапты: меритократия, яғни, кәсіби дайындық пен қабілеттілікке сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылау, жетістіктер мен жеке сіңілген еңбектерін тану; құқық бұзушылыққа төзбестік және әдептілік; дайындық жүйесін бағдарлау, білімді практикалық қолдануға мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта дайындау.

СҚО бойынша МҚД Ішкі қауіпсіздік басқармасының басшысы Д.Ж.Қадыров қызметтен тыс уақытта қызметкерлердің түзу тәртібі, департаменттің лауазымды тұлғаларының арасында құқық бұзушылықтарды және қылмыстарды болдырмау бойынша алдын-алу туралы ақпаратпен сөз сөйледі.

Күн тәртібі аясында сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламасын қолдау бойынша комитеттің төрағасы Р.В.Богданов, «Нұр Отан» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының заң кеңесшісі А.К.Қазбекова сөз сөйледі

Бұдан әрі «Дөңгелек үстел» қатысушылары пікірлермен алмасты.

Соңында департаменттің басшысы Данияр Еренғалиұлы Жанәлінов іс-шараға қатысушыларға алғыс айтты.